

Дәріс №6.

Тақырыбы: Ертегілер

Жоспар:

1. Қазақ ертегілерінің жиналуы және зерттелуі
2. Ертегілердің жанрлық сипаты және құрылысы
3. Ертегілердің классификациясы

Мақсаты: Халық прозасы туралы түсінік беру. Халық прозасының ертегілерден және ертегілерден тыс көптеген түрлерінің бар екендігін түсіндіру. Олардың айырмашылығы мен ұқсастықтарына, ертегілердің өзіндік ерекшеліктеріне, жиналуы мен зерттелуіне тоқталу. Ертегілердің халықтық сипаты, ондағы қиялдың шығу негіздері, шындыққа қатысы туралы ұғындыру. Ертегілердің классификациясын, қазақ ертегілерінің жанрлық түрлерін меңгерту.

Негізгі ұғымдар: халық прозасы, ертегі, жанр, тақырып, идея, кейіпкер, қиял, классификация.

Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі – ертегілер. Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Оның түп-төркіні алғашқы қауымда туған көне мифтер, аңшылық әңгімелер, хикаялар, әр түрлі ырымдар мен аңыздар. Өзінің қалыптасу барысында ертегі осы жанрлардың көптеген белгілерін бойына сіңірген. Бұл жанрлардың кейбірі өз бітімін мүлде жоғалтып, толық ертегіге айналған. Солардың бірі - миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен. Миф - алғашқы рулық қауымның қасиетті деп саналған құпия әңгімесі мен шежіресі. Оны ол кезде әркімге және әр жерде айта бермеген. Мифте қоршаған ортаның, дүниенің жаратылуы мен аспан әлемі жайында, рудың тотемдік бабасы, ілкі атасы мен жасампаз қаһармандар туралы, олардың іс-әрекеттері жөнінде фантастикалық түрде баяндалған. Алайда ол заманда осының бәрі ақиқат деп қабылданған, мифке жұрт кәміл сенген. Бірақ, уақыт өтіп, адам санасы мен мүмкіндігі жетілген сайын миф өзгеріске ұшырап, бірте-бірте «қасиетті» сипатынан айрылған, құпия болудан қалған. Осының нәтижесінде мифке сенушілік те әлсіреген, ондағы оқиғалар мен кейіпкерлер басқа сипат қабылдаған, тіпті мифті айтушы бара-бара өз жанынан да қосатын болған. Соның салдарынан іс-әрекеттердің де нәтижесі баяғы мифтік сипаттан айырылған. Мифтің себеп-салдарлық белгісі жоғалған. Бірте-бірте мифтің бұрынғы масштабы тарылып, әңгіме жеке бір адамның тағдырын баяндайтын жағдайға келеді. Сөйтіп, миф хикаяға, содан соң ертегіге айналады. Ертегінің тағы бір тамыры - алғашқы рулық қауым адамдарының аңшылық әңгімелері мен хикаялары. Алғашында шын болған оқиғалар негізінде айтылған әңгімелер бірте-бірте ел арасына тараған сайын қоспалармен толықтырылып, хикаяға, одан ертегіге айналып кеткен. Осындай аңшы мергендер жайындағы әңгімелер қазақ ертегілерінің құрамында аз емес. Әрине, олар біздің ертегіде

сол ежелгі замандағы күйінде емес, көркем фольклорға айналған формада көрінеді. Алғашқы қауымдағы мифтік ұғымдар туғызған небір ғаламат мақұлықтар (жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, албасты, жалмауыз кемпір, т.б.) бұрынғы аңшылар әңгімесіне кірігіп, хикая туғызады. Хикая жанры мифтің өзімен бірге ертегіге де айналады. Оның ертегі құрамында жүретіні де сондықтан. Бірақ мифтің ертегіге айналу жолында хикая мен ертегі қатар өмір сүреді, сол себепті миф, әсіресе, хикая өзінше жеке айтылып, елге жайылады. Қазақ халқы прозасында осы процесс түгел дерлік із қалдырған. Жалпы ертегілердің пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға сенген, себебі ол шақта ертегі өз төркінінен алшақ кете қоймаған, сондықтан, көркемдік қызмет те атқармаған. Ал көркем фольклорлық жанр болып қалыптасқан классикалық Қазақ ертегілерінің жиналуы мен жарияланып, зерттелуі ХҮІІІ ғасырдың 2-жартысында басталды. Алғашқы жүз жылда, негізінен, Қазақстанға Ресейден келген адамдардың кейбірі қазақ жұртының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер жинап, солардың қатарында фольклор жайында жалпылама мәліметтер жариялап жүрді. Ертегілердің көбірек жиналып, жарық көрген тұсы ХІХ ғасырдың 2-жартысы. Бұл кезеңде қазақ ертегілерін ғылыми мақсатта жариялаған жинақтар да болды. Әсіресе, В.В. Радлов, И.Н.Березин, Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, Ә.Диваев жинақтарында ертегілердің көптеген мәтіндері жарық көріп, олар туралы азды-көпті ғылыми пікір айтылды. Аталған жинаушы-жариялаушылардың ғалымдық деңгейі, ғылыми түсінігі әр түрлі болғандықтан ертегі мәтіндері әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағаланды. Соған қарамастан біраз ертегі жарық көрді, ғылыми айналымға енді. Соның арқасында қазақ ертегілері Потаниннің, Радловтың, А.Н.Веселовскийлердің кең масштабты ғылыми зерттеулеріне ілікті. Бұл шақта ертегілерді қазақ оқығандары да, ақындары да жинастырып, «Дала уәлаятының газетінде» келеген мәтіндерді жарыққа шығарды. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ертегілерді арнайы түрде жариялап отырды. Ш.әлиханов бастаған зерттеу ісін Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ә.Бөкейхановтар жалғастырды. Ертегілерді ғылыми әрі ағартушылық мақсатта жинап, жария ету, зерттеу жұмысы ХХ ғасырда кең жолға қойылды. Бұл ғасырдың 40-50 жылдарына дейін ертегілер, көбінесе оқу-ағарту мәселесі тұрғысынан жарияланып, оқулықтарда, жекелеген мақала мен кітаптарда арнайы қарастырылды. Осы тұста А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедовтің, М.О.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің оқулық іспетті жарық көрген кітаптары, С.Мұқановтың, Б.Кенжебаевтың, Е.С.Ысмайыловтардың мақалалары қазақ фольклортануы ертегі жанрына да арнайы көңіл бөлгенін айғақтады. Бірақ аталған авторлар ертегіні түсінуде, талдауда әрқелкі түсінік көрсетті. Әсіресе, ертегіні таза таптық тұрғыдан бағалау етек алып, оның көптеген нұсқалары талдаудан тыс қалды, тіпті мәтіндерге редакциялық түзетулер де енгізілді. Осы үрдіс ХХ ғасырдың 60 жылдарына дейін жалғасып, жарық көрген мәтіндерге таптық сипат берілді, ал зерттеу еңбектері тұрпайы социологиялық бағытта болды. 1960 жылдан бастап ертегі жанрын зерттеу ғылымы негізге

түсті. Бұл салада Әуезов пен Ысмайыловтың, В.Сидельниковтың, М.Ғабдуллиннің еңбектері айрықша болды. Олар ертегілердің қазақша үш, орысша үш томын жариялап, бұл жанр туралы жаңаша ой толғап, көлемді мақалалар жазды және мәтіндерге түсініктер берді. Ертегілер 1960 ж. басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» жеке бөлім болып енді (авторы - Әуезов). Ертегі жанрына Ғабдуллиннің жоғары оқу орнына арналған оқулығында, Н.С.Смирнованың кітабында, орыс тілінде жарық көрген «История казахской литературы» атты 3 томдық еңбектің бірінші томында арнайы тараулар берілді (авторы - Е.Костюхин). Ертегіні сала-салаға бөліп, тереңдете, типологиялық тұрғыдан зерттеу ісі 1970 жылдан қолға алынды. С.А.Қасқабасовтың қиял-ғажайып ертегілерге, Е.Д.Тұрсыновтың тұрмыс-салт ертегілерінің шығу тегіне арналған монографиялары 1972-1973 ж. баспадан шықты. 1979 ж. хайуанаттар туралы ертегілердің тұңғыш академиялық басылымы жарық көрді. Ертегі жанры бүкіл халық прозасы жүйесінде «Қазақтың халық прозасы» атты еңбекте зерттеліп, оған 1986 ж. Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілді (авторы Қасқабасов). Қазақ ертегітануы ұлттық фольклор туралы ғылымының үлкен де маңызды бір саласына айналды. Жоғарыда аталған адамдардың ішінен қазақ ертегілерін жинап бастыруда айтарлықтай еңбек еткендер — А.Алекторов, Н.Пантусов, А.Васильев, Б.Дауылбаев, М.Досымбековтар. Бұлар ел арасынан жинаған материалдарын төрт-бес газетке бастырып отырған және жеке жинақ етіп те шығарған. Мысалы, А. Алекторовтың жинаған ертегілері Омбы, Астрахань, Орынбор газеттерінде үнемі жарияланып келген және ол бір ертегіні бір ғана жерден бастыратын болған. Кейіннен ол өзі жинаған ертегілерін кітап етіп 1898 жылы «Киргизская хрестоматия» деген атпен екі тілде Орынборда шығарған. Қазақ фольклоры Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов сондай-ақ, М.Әуезов, С.Сейфуллин еңбектерінен де мол орын алғаны бар. Кейінгі кезде қазақ ертегілерін зерттеуге М.Әуезов, Қ.Жұмашев, Е.Ысмайыловтар белсене араласты. Қазақ ертегілерін тақырыбына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Олар: а) мифологиялық, (қиял-ғажайып) ертегілер; ә) хайуанаттар (жан-жануар) жайындағы ертегілер; б) тұрмыс – салт ертегілері. Ауыз әдебиетінің басқа эпостық түрлері секілді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, өзінше басталуы, аяқталуы болады. Ертегі ауызша айтылатын көркем әңгіме болғандықтан, одан әрбір ертекті айрықша мән береді, әңгімесін мәнерлі айту тыңдаушыны қызықтыра түсу жағын ойлайды, кейде ертекті әңгімесін

«Ерте-ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен
Қырғауылы қызыл екен
Құйрық жүні ұзын екен
Мұзға жығылған екен

Сирағы сынған екен» -деп тақпақтай жөнеледі. Осыдан ары қарай негізгі әңгіме оқиғасына кіріседі. Ал кейде ертектілер айтатын әңгімесіне бірден

кіріседі, ертегіге қатысатын басты кейіпкерлермен бірден таныстырады. («Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты...») т.б. Ертегілерде айтылатын оқиғаларды осы негізде баяндау – ертегінің құрылысына тән басты ерекшелігі болып табылады.

Ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді: 1) жануарлар туралы ертегілер; 2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер; 3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер; 4) тұрмыс-салт ертегілері. Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар. Олардың көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетик., яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінде таза ұлттық та, халықар. та, көшпелі сюжеттер де қатар өмір сүрген. Негізгі кейіпкер мен мазмұны және қияли әдістердің қаншалықты пайдаланылуына қарай бұл салалардың әр қайсысы тағы бірнеше топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде: хикая, өсиет, мысқыл, батырлық туралы ертегілер болады.

Қиял-ғажайып ертегілер тым ерте замандарда адам табиғат сырын толық түсініп болмаған кезде туған. Мұнда өмір көрінісі аздау болады. Мифологиялық ойлау адамдардың топ-топ болып орман, тау-тас үңгірлерін мекендеп жүрген кезеңінен бастап туса да ғажап емес. Күн, ай, от судың жойқын күштерінің сырына түсінбеген алғашқы қауым адамдары табиғатқа сиынып, табынған: бірінен қорықса, бірін қастерлеген. Оларды адамша ойлап, әрекет жасайтын құбылыстар деп ұққан. Кейбір елдерде киелі аңдарға сиыну дәстүрі де болған. Қиял – ғажайып ертегілердің сюжетінде адам иланбайтын, көңіл сенбейтін сан түрлі қызық-қызық оқиғалар болатыны рас, бірақ бұған қарап халықтың ертедегі творчестволық күштерінде бей-берекет жалған көріністер басым болды деп ойлауға болмайды. Мейлі, көз көріп, құлақ естімеген неше түрлі суреттер бола берсін, ол халықтың сергек санасын, этика, эстетикалық көз-қарастырып бүркемелей алмайды. Бұл тектес ертегілер қазақ халқының өмір тарихымен бірте қос өрім қатар жасасып келеді, мұнда халықтың бесіктегі бала, бозбала, жігіт ағасы ездері айқын бейнеленген. Фольклордың өзіне тән табиғаты бар. Соның ішінде қиял-ғажайып ертегілердің өз заңы, өз тәсілдері бар. Мәселен, әйелдердің көпшілігі «ай десе аузы, күн десе көзі» бар шетінен сұлу болып келеді. Олардың тұрған жері мұз тауының ар жағында, оң тауының бер жағында. Аспандағы жұлдыздай алыстағы аруды алып келуге кәдімгі қарапайым шаруаның өзі аттанады. Сол жолаушы жалғыз өзі не көрмеді: жыландар елі, аждаһа, айдаһарлар ордасы. Ол неге осыншама қауіпті жолға шықты? Әлбетте, сұлуды сүймеске.

Қиял-ғажайып ертегілердің басты бір ерекшеліктері - өмір үнемі қозғалыста көрінеді. Бір орында тұрған зат болмайды: от тауы, мұз тауы, ұшқан құс, жүгірген аң, сұлулар еліне жол тартқан жолаушы бәрі бір нүктеден шығып, екінші бағытқа бет алып бара жатады. Аң адамға, адам аңдарға кездеседі. Олардың арасында жамандық пен жақсылық үшін күрес бір сәтке тоқтамайды. Өте ерте дәуірде пайда болған ертегілерде адамның сұлуы,

құстың әдемісі, сән-салтанаттың сарайы бұлар көбінесе перілер елінде деп бейнеленеді. Олардың мекені көбінесе жер асты, не су асты болып келеді. Соған орай тоғыз қабат жердің, тоғыз түрлі теңіздің астына перінің сұлу қызын іздеп, жер үстінен біреу аттанады. Оның да жолы тым ауыр. Сондай жұмбақ елді тауып, ақыры арманына жететін тағы да шаруаның бейнетшіл баласы болып көрсетіледі. Халықтың неше түрлі қызық таңғажайып аңыздарды шығару себебі - бір жағы діни нанымдарға байланысты болса, екіншіден, өзіне жұмбақ, жауабын іздеген заңдылықтарға жұмбақтық сипат берген. Мысалы, дөңгелек жердің арғы жағында не бар, ол нендей затқа сүйеніп тұр. Міне, осы сұрақтың төңірегінде жерді ұстап тұрған көк өгіз, мамонт, тасбақа сияқты мифтік ертегілерінде айтылатын осындай беймәлім үлкен жәндіктерді әдетте батырлар өлтіреді, олардың денесінен – жер, сүйегінен - тау, қанынан - өзен, көзінен күн мен ай, тісінен - жартастар жаратылған деп дәлелдейді. Бұлар өте ерте дәуір қоғамының сенім - нанымдары. Олар табиғаттағы әрбір заттың екі сипаты бар деп қараған: ой мен күн, аспан мен жер, құрғақшылық пен су, құс пен бауырымен жорғалаушылар, ақ пен қара. Мұндай көне дәуірдегі логикалық жіктеу-жер үсті және жер асты, онда мекендейтін адамдар мен перілер деп екіге бөлуге әсерін тигізген. Бір ғажабы сол, қиял-ғажайып ертегілерде еңбек пен еңбекке құштарлық өте жиі көрсетіледі. Жатып ішер жалқауды адамның қоры деп сипатайды. Ол ауру секілді өмірге масыл. Бұның қарама-қарсы ұғымы - еңбек сүйгіштік. Адам бесіктен түскен бетте қолын жерге тіреп еңбектейді, өзіне-өзі қызмет көрсетеді, өрістен жылқы қайырады, үйінде от жағады. Осының барлығы тынымсыз тірліктің, қозғалыстың белгісі болып табылады. Ондай адамадарды ертекші дегеніне жеткізуді, бақыттың балаң болуы құсын соның бөркіне қондырады, жаннан асқан сұлу қызды соған жар етіп қосады. Осының бәрі еңбектің арқасында болған нәтиже, кімде-кім еңбек етсе, сол адам өзін бақыттымын, өмірлімін деп санауға болады деген сенімді аңғартады.

Фольклорлық сюжеттерде үздіксіз ағып жатқан суға ау тастап телміріп отыратын кім, әлбетте кедей шаруа. Асылы, ау жастау дегеніміз ауға не түсер екен деп күту ғой, сол секілді қарапайым халық та өмірге ау тастаған, бірақ соған ілінгені шамалы болған. Мейлі, өмірде кедейдің күткен арманы орындалмаса да, ең құрыса өзі шығарған ертегіде өзін-өзі алдасын ба, жоқ. Кедейдің құрған ауы судан бос көтерілмейді, не үлкен алтын балық, не ділдә толған сандық, не сұлу бала жатқан жәшік шығады. Ақыры жәшіктен шыққан бала елге ақылы асып хан болады, әрі өзін құтқарып қалған кедейді мұратқа жеткізеді. Асылы, қиял, фантазия араласқан ертегілерде бәрі өзіне -өзі орнамайды, орнататын адамның қолы. Еңбек иесінің қолындағы сәнді тұрмысын, сұлу қызын тартып алу үшін араға ханның іштарлық қызғанышы араласады, кедейдің отбасы бірлігін бұзу үшін олардың күшін әлсіретіп, алыс жолға жібереді. Тапсырмасы – шаһардың сәулесімен жарқырататын гауһар тас тауын әкелу. Мұндай сапарға бармаймын, ондай гауһарды таба алмаймын деп шаруа да кері шегіншектемейді, сен сынасаң мен сыныңа татимын деп ханның

қаһарына қарсы жүреді, өмірдің ағымынан қорықпайды, қайта ағысы қатты толқынға қарсы жүзеді.

Адам және жер, жер және адам деген мәселеде: дүние о баста неден жаратылады деген сұраққа фольклорлық шығармалар әр түрлі жауаптар бермек болады. Дүние судан ба, оттан ба, неден жаратылды? Жұмбақтың шешуі әр алуан, бір ертегілер айтады: алдымен дүние қараңғы болған, содан соң жарық жаратылған дейді. Мәселен, жарық және қараңғылық деген ұғым о бастан ақ философия мен дінің риторикалық басты сұрақтары болған, соған жауап беруге әрқайсысы әр түрлі болжамдар айтқан дейді. Ф.Энгельс «табиғат диалектикасы» деген еңбегінде Халықаралық мифтерде күн мен түннің, суық пен жылылықтың, қараңғылық пен жарықтың алма-кезек ауысу құбылыстарын түсіндіргенде, жарық қараңғылықпен күреседі, түннен перде түріп күн шығады, жылылық суықтықты ерітеді, жаз қысты жеңеді. Дүние осылай алма-кезек қозғалыста көрінеді. Сол сияқты жоғарыды аты аталған ертегілерде басты кейіпкер қараңғылықтан халықтың көзін ашу үшін жер астындағы жасырын жатқан отты әкеледі. Ол от кейде жеті басты жалмауыз кемпірдің қолында («Қара үйрек») болады, оның барған адамға қоятын талабы мынау: «Бармағыңнан бір сорғызсаң, от беремін, болмаса от бермеймін», - дейді. Бақсақ, от үшін адамзаттың күресі қазақ халқына да онайға түспеген. Соны іздеп тапқанға шейін тыным таппаған, әрекет істеген, жол жүрегі, әйтеуір ақыры қолына отты түсірген. Бұл адамзатқа от әкелген ошақты көне дәуірдің кейіпкері Прометейді еске түсіреді. Прометей адамдарға ғылым мен қолөнерді берумен бірге, Гефест құдайдың ұста дүкенінен от ұрлап, оны адамзаттың қолына табыс еткен. Зевс құдай бұған ашуланады. Зевс айтады: егер адамзаттың қолына от тисе, олар құдайларды мойындамайды, сондықтан отты адамзатқа апарған Прометейді жартасқа таңып жазалау керек деп үкім етеді. Прометейдің бауырын бүркіт күнде келіп шоқиды. Осындай азаптан Прометейді Геракл құтқарады. Прометейдің адамзат үшін жасаған жақсылығын бейнелеу үшін ХҮШ ғасырдағы Италия суретшісі Пьетро Стаджи мрамордан оның суретін ойып жасаған. Осы тектес от әкелу оқиғасы қазақстанға қалай келеді, оған кім қай жерден, қандай қиындықтармен әкеледі деген аңыз-ертегілердің бірнешеуі екенін ескере кеткеніміз келеді. Қазақ ертегілерінде отбасылық салттардың кейбір әлсіз жақтары да сыналады, оған көбінесе әйелдердің қанғыштығы аңқаулығы себеп болды деп түсіндіреді. Соның барлығын білдіретін жалмауыз кемпірлер. Ол сұлуларды арбайды, жолдан тайдырады. Бұқара халық осындай мінездерді сынап отырып, отбасы бірлігін, тұтастығын сақтауға ерлі-зайыптардың сақ, сергек болуына үндеп отыр. Ұсқынсыз, тұрпайы кейіпкерлерге жататын образдардың бірі- бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс шал. Заттың сыртқы өлшемі, оның биіктігі мен тереңдігі, қаттылығы мен жұмсақтығы бәрі түйсікке әсерін тигізетін құбылыстар. Адамдар әрбір өлшемнің атқаратын міндеті бар, ол ішкі рухани салмақтың сыртқы көрінісі деп қараған. Мәселен, бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс дегенде адамның азған, әлсіреген түрін елестетеді. Бұлар күнделікті қарым – қатынасына іштарлықтың ролін ойнайды. Олар нендей іске

араласпасы да рәсуасын кетіреді, бүтінді бөлшектейді, әрі ыдыратады. Ендігі бір пікір дегеніміз не? Бақыт пен байлық туралы армандағанда, іздеп-іздеп шаршаған халық оны қолы жетпейтұғын, әуеде ілініп тұрған тылсым секілді елестейді, ол кейде жүзік түрінде, кейде аттың қылы, құстың қауырсыны ретінде кездеседі. Сол бір бақыт іздеген адамға аттаған қадамын ілгері бастырмайтұғын айдаһар, жезтырнақтар тағы бар. Бақыттың, байлықтың жатқан жері жеті қабат жер астында, оған жолаушы жігіт кездейсоқ кездеседі: түн, енді не істеу керек, көрге паналайды. Шұқылап отырса, ар жағынан жанып тұрған гауһарды көреді, арғы жағын ашса, үйдің төрт қабырғасы толған алтын. Соны алмақ болады, бірақ жеті басты жылан ысқырып алдынан шығады, ақыры адам жеңіп, бақ дәулетті күреп қайтады. Әркім де бақытты болғысы келеді, ал бақыт ағып жатқан судың бетімен қалқып жүрмейді, ол еңбекпен, қайратпен келмек, оны іздемек керек.

Хайуанаттар жайындағы ертегілер. Бұл топқа жататын ертегілер де өте ерте заманда пайда болған. Ертедегі адамдар өздерінің күнкөрістері үшін төрт аяқты хауандарды пайдалану, оларды үйрету, асырау жайын қарастырды және әрбір хайуанат туралы, олардың қасиеттері туралы мифтік – ұғым түсініктер ойлап шығарды. Хайуанаттар туралы ертегілер — ертегінің көне замандағы мифтер мен әр түрлі тұрмыстық, аңшылық әңгімелердің негізінде пайда болып, кейінгі замандардағы адамдар мінезін, олардың өзара қатынасы мен байланысын аллегориялық түрде жан-жануарлар бейнесі арқылы тұспалдап көрсететін түрі. Жануарлар туралы ертегілер, негізінен, үш топқа бөлінеді: этиологиялық жануарлар туралы ертегілер, классикалық жануарлар туралы ертегілер және мысал ертегілер (аполлог). Этиологиялық жануарлар туралы ертегілер — өзінің шығу мерзімі жағынан мұндай ертегілердің ең көнесі. Мұнда хайуанаттардың сыртқы пішіндегі немесе жүріс-тұрысы, мінез-құлқындағы бір ерекшелігі, оның солай болу себебі жайында баяндалады. Бұл топтағы ертегілердің басты ерекшелігі — оқиғаны себеп-салдарлы сипатта баяндауы және байырғы синкреттілікті сақтап қалуы мен этиологиялық мифке жақын болуы. Бұл ертегілердегі хайуанаттардың сипаттамасы басқа елдер ертегілермен сарындас. Мысалы, түлкі — аса айлакер, екіжүзді, алаяқ қу, қасқыр мен жолбарыс — адуынды озбыр, қара күш иесі, аю — икемсіз, қарабайыр, т.б. Шығыс және Еуропа халықтарының жануарлар туралы ертегілерінің көпшілігін классикалық жануарлар туралы ертегілер құрайды. Олардың сюжеті де ұқсас болып келеді. Өйткені, бұл ертегілердің көпшілігі әр халықтың тарихында болған ұқсас жағдайдан туған. Ал біразы арғы тегі бір түркі халықтарының ежелгі дәуірінде пайда болған. Енді бір бөлігі мәдени, сауда, т.б. қарым-қатынастар арқылы ауысқан. Бұлардың моральдік және әлеуметтік мазмұны аса терең. Жыртқыштар қанаушыларды, әлсіз жануарлар кедейлерді еске түсіреді. Олардың іс-әрекетімен қатар мінездері де шебер сомдалады. Классикалық жануарлар туралы ертегілердің құрылымы онша күрделі емес. Олардағы сюжет хайуанаттар арасындағы кездесулер мен қақтығыстарға құрылады. Бір сарынды эпизодтардың өзгермей, үнемі қайталанып келетін түрі көптеген әлем халықтары ертегілерінде бар. Олардың

үлгілері — «Қотыр торғай», «Кім неден күшті», т.б. ертегілер. Мысал ертегілерде — баяндау белгілі бір моральдік қағида мен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады, сол себепті олар көп жағдайда нақылмен аяқталады. Қазақ халқының мысал ертегілері шығыс фольклорымен тығыз байланысты. Мысалы, Орталық Азияға кең тараған «Қалила мен Димна», «Тотынама», т.б. Жануарлар туралы ертегілер адам болмысының ертедегі тотемдік сенімдермен байланысты пайда болған. Жануарлар туралы ертегілердің прозалық баяндаудан өлеңге көшіп отыратын үлгілері де кездеседі. «Ақ қасқыр» ертегісінен ертедегі адамдардың қасқырды жарылқаушы ие деп түсінгені көрінеді. Бұл түсінігін дәлелдеу үшін ертегінің сюжеті түрлі – түрлі ғажайып оқиғаны бейнелеуге құрылады. Ертегінің оқиғасы мал өсіріп кәсіп еткен елдің тұрмысын, қыс кезінде қос шығарып жылқыны далады бағатын жайын суреттеуден басталады. Осыдан былайғы оқиға фантазия аралас дами береді.

Тұрмыс - салт ертегілер. Бұл топқа кіретін ертегілер ерте заманнан өмірдің алуан түрін қамтиды. Тұрмыс- салт ертегілерінде өмірде болған немесе болуға тиісті уақиғалар басты орын алады. Оларда халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс – тіршілігі, дүние танудағы көзқарасы, таптық сана сезімі, арман – мүддесі суреттеледі. Және де ертегінің оқиғасы реалистік болмыстан алынады. Оның кейіпкерлері күнделікті өмірде кездесетін қарапайым адамдар болып келеді. Қазақтың тұрмыс – салт ертегілері қарапайым шаруа адамдарын ардақтай отырып, еңбек ету жайына айрықша көңіл бөледі. «Жатып ішер жалқау болма, ерінбей еңбек ет, өжеттен де, өрге ұмтыл» дегенді білдіреді. Халықтың тұрмыс – тіршілігіне, салтына байланысты туған ертегілері бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол талай ғасырдың жемісі. Бұл ертегілердің ішінде көне заманда, феодалдық қарым – қатынастар кезінде және соңғы дәуірде туғандары да бар. Олардың бәрі ауызша айтылып, ауызша тарағандықтан көптеген тарихи кезеңдер, талай таптық, қоғамдық орта тудырған әр түрлі көзқарастарды, алуандаған ұғым түсініктерді бойына жинастыра келгендері де белгілі. Бірақ солай бола тұрса да, халықтар ортада туған ертегілер өзінің халықтық сипатын жойған жоқ. Қайта, оны әрбір жаңа дәуір жаңа кезең жағдайларына қарай өзгертіп, шындап жетілдіреп отырғаны, өткірлеп мәнерлегенін де байқаймыз. Халықтың тұрмыс – салтына байланысты туған ертегілерінде басты тақырып еңбек адамдарының өмірі, ісі болып келеді. Бұл ретте қарапайым адамдарды халық ертегілері қанаушы тапқа қарсы бейнеде алады, олардың ісі, ақылы, өнері, адамгершілігі хандар мен байлардан әлдеқайда артық деп суреттейді. Барлық сыннан мүдірмей өткен, ақылы мен адамгершілігі ханна да, оның күншіл уәзірлерінен де асып түскен Аяз биді ардақтайды. Ертегінің оқиғасы адал еңбегімен кәсіп кеткен шаруа адамын ардақтау идеясынан туған. Ертегіде айтылатын барлық әңгіме сол идеяға бағындырыла дамиды; жағымды, жағымсыз кейіпкерлер арасындағы тартыстарды суреттеу арқылы ұлғая түседі және ол ертегінің шарықтау шегіне жеткенге дейін үзілмейді. Бұл идеяны халық ертегісі таптық тұрғыдан ашады, екі атаптың адамын салыстыра отырып, кімнің артық, кімнің

кем екендегін көрсетеді. Тұрмыс – салт ертегілерінің оқиғасы, құрылыс жағынан өзіндік ерекшелігі бар түрі-күлдіргі ертегілер.

М.Әуезов, үлкенге де, кішіге де бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құрылған әңгімелер болады. Алдымен, мұндай ертегілердің аты, басты кейіпкерлерінің өзі ерекше күлкілі болып келеді. Ертегілердің «Қаңбақ шал», «Ұр тоқпақ», «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» т. б. болып аталуының өзі-ақ күлкілі жағдайларды аңғартады. Бұлармен қатар, бұл топтағы ертегілер тазшаларға арналады, олардың тамаша, күлкілі істерін сүйсіне әңгіме етеді.

Шыншыл ертегілер – қазақ ертегісінің ең мол түрі. Топталып аталатын атынан-ақ бұл ертегілердің тегі мәні мәлім болғандай. Қиял ертегілерімен, хайуанат жайындағы ертегілерден бұл топ мүлде бөлекше, ерекше келеді. Шыншыл ертегіге халық өзінің дүние тануындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы, бас тіршіліктегі барлық мұң-мүддесін, тартыс, талабын жиып түйген. Бұл тектес ертегілердің ескісі де көп, бертінде туған жаңасы да мол. Елдің ұзақ тірлігінде ілесе жүрген, қара сөзбен айтылатын мол, кең, мағыналы, көркем мұралары осы топта. Бұл ертегілердің бір түрлері көнелік себебінен ескі ұғым нанымдарды көрсетсе, бұрынғы қиял ертегілеріне шектес, ұқсас келсе, тағы бір түрлері бертінде шыққандықтан, және қоғамдық тарихтық, шынайы болмыс уақиға себептерден туғандықтан күндегі өмір-тартысқа өте жақын, аса шебер, шыншыл әңгімелер болады. Осы алуандас ертегілер құр ғана ертегі емес, ауызша айтылған шебер көркем шығарма боп, халық романы, халық әңгімесі, новелласы болып та кетеді. Және осы соңғы түрлі ертегілерде қоғамдық тартыс, тап қайшылығы, қанау, зорлық, соған қарсы қалың еңбек елінің сыны, наразылығы, алыс тартысы, алыс арманы бәрі де айқын көрінеді. Тегі барлық ертегіде де қоғам тірілігі, халық мүддесі, қанау, зорлық, озбырлық үлкен сыр боп білініп отыратыны мәлім болса, мына түрдегі ертегілерде сол жайлар аса айқын шығып, андыздап тұрады.

Шыншыл ертегілер қазақ фольклорында сан жағынан аса көп болумен қатар бірнеше жігі айқын түрлерге де бөлінеді. Ол түрлері: а) салт ертегілері, б) күлдіргі ертегілер, в) аңыз ертегі, г) күй аңызы.

Тұжырым. Халық ертегілерінде елдің даналық, тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндіктен, балалар оны сүйіп оқып, бар ықыласымен сүйсіне тыңдайды. Басталған жерден-ақ оқиғасы қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, жетектеп әкетеді. Ертегілердегі адам бейнелерінің барлық жағынан әбден жетіліп, балалардың жалпы психикалық даму ерекшеліктерімен байланысты болуы да оларды аталған жанрға қызықтыратын тағы бір ерекшелік деуге болады. Ертегілер эмоциялық әсермен тыңдаушының ынтасын арттырып, көріктілігімен көкейге қонады; ол шаттандырады, ондағы трагедиялық және қуанышты жайларды бала тебірене сезініп, ыстық жаспен, ынталы ықыласпен қабылдайды. Сондықтан, бабаларымыздан қалған сөз асылы – ертегілерді жаттап алушылар көп болған. Жадына жақсыны сақтап, өнегелі өмірге пайдалана білуді халық әрқашан да мақсат еткен. Ел Ер Төстіктей ер болуды,

Кендебайдай батыр болуды, Күнікей қыздай камқоршы болуды ұрпақтарына үлгі еткен.

Бақылау сұрақтары

1. XIX ғасырдың екінші жартысында жиналып, жарық көрген жинақтардағы ертегілердің мәтіндері, олар туралы ғалымдардың ой-тұжырымдары қандай?

2. М. Әуезов, Қ. Жұмашев, Е. Ысмайыловтардың қазақ ертегілерін зерттеуге қосқан үлестері туралы не білесіз?

3. Хайуанаттар жайындағы ертегілер неше топқа бөлінеді? Әрбір жанрлық түрдің өзіндік ерекшелігін түсіндіріңіз.

4. Қиял-ғажайып ертегілерге қандай ерекшеліктер тән?

5. Қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайлы қандай ертегілер білесіз? Өзара айырмашылықтары неде? Мысал келтіріңіз.

Оқуға ұсынылған әдебиеттер

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.

2. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алматы, Рауан. 1990. – 240 б.

3. Субханбердина Ү. Әдеби мұра. Алматы, Жазушы, 1970.-255 б.

4. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. I том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдезұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.

5. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. II том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдезұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.

6. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, Мектеп 1974.-380 б.

7. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылдағы зерттеулер. Астаны: Аударма, 2002.-584 б.

8. Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылдағы зерттеулер. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-504 б.